

Абай ауданының елді-мекендеріндегі салық салу объектілерінің орналасқан жерін ескеретін аймаққа бөлу коэффициентін бекіту туралы

Шығыс Қазақстан облысы Абай ауданы әкімдігінің 2019 жылғы 7 ақпандағы № 15 қаулысы. Шығыс Қазақстан облысы Әділет департаментінің Абай аудандық Әділет басқармасында 2019 жылғы 12 ақпанда № 5-5-165 болып тіркелді

Р Қ А О - н ы ң е с к е р т п е с і .

Құжаттың мәтінінде түпнұсқаның пунктуациясы мен орфографиясы сақталған.

"Салық және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдер туралы (Салық кодексі)" 2017 жылғы 25 желтоқсандағы Қазақстан Республикасы Кодексінің 529-бабы 6-тармағына, "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" 2001 жылғы 23 қаңтардағы Қазақстан Республикасы Заңының 31-бабы 2-тармағына, Қазақстан Республикасы Ақпарат және коммуникациялар министрінің 2018 жылғы 12 қарашадағы № 475 "Аймаққа бөлу коэффициентін есептеу әдістемесін бекіту туралы" (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тіркелімінде № 17847 болып тіркелді) бұйрығына сәйкес, Абай ауданының әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Абай ауданының елді-мекендеріндегі салық салу объектісінің орналасқан жерін ескеретін аймаққа бөлу коэффициенті қосымшаға сәйкес бекітілсін.

2. "Абай ауданы әкімінің аппараты" мемлекеттік мекемесі Қазақстан Республикасының заңнамалық актілерінде белгіленген тәртіпте:

1) осы қаулының аумақтық әділет органдарында мемлекеттік тіркелуін;

2) осы әкімдік қаулысы мемлекеттік тіркелген күнінен бастап күнтізбелік он күн ішінде оның көшірмесін қағаз және электрондық түрде қазақ және орыс тілдерінде " Республикалық құқықтық ақпарат орталығы" шаруашылық жүргізу құқығындағы республикалық мемлекеттік кәсіпорнына Қазақстан Республикасы нормативтік-құқықтық актілерінің эталондық бақылау банкіне ресми жариялау және енгізу үшін жолданылуын;

3) осы қаулы мемлекеттік тіркелген күнінен бастап күнтізбелік он күн ішінде оның көшірмесін Абай ауданының аумағында таратылатын мерзімді баспа басылымдарында ресми жариялауға жолданылуын;

4) ресми жарияланғаннан кейін осы қаулыны Абай ауданы әкімдігінің интернет -ресурсына орналасуын қамтамасыз етсін.

3. Осы қаулының орындалуына бақылау жасау аудан әкімінің орынбасары М. Еділбаевқа жүктелсін.

4. Осы қаулы 2020 жылдың 1 қаңтарынан бастап қолданысқа енгізіледі.

Аудан әкімі

Ж. Байсабыров

КЕЛІСІЛДІ:

Абай ауданы бойынша

мемлекеттік кірістер

басқармасының басшысы

Қ. Оспанов

" _____ " _____ 20____ ЖЫЛ

Абай аудандық әкімдігінің
2019 жылғы "07" ақпандағы
№ 15 қаулысына қосымша

Абай ауданының елді-мекендеріндегі салық салу объектілерінің орналасқан жерін ескеретін аймаққа бөлу коэффициенттері

№	Елді-мекен	Аймаққа бөлу коэффициенті
1	Қарауыл	1,37
2	Құндызды	1,05
3	Медеу	1,15
4	Тоқтамыс	0,95
5	Архат	0,95
6	Кеңгірбай би	1,25
7	Саржал	0,95
8	Қасқабұлақ	0,95
9	Көкбай	1,25
10	Орда	1,05
11	Бөрлі	0,95